

Қызылорда қаласы бойынша 2020 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 14951 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қаңтарда № 7220 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының б) тармақшасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес Қызылорда қаласы бойынша 2020 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Налибаев

Қызылорда қаласының әкімі 2020
жылғы 21 қаңтары № 14951 қаулысына
қосымша

Қызылорда қаласы бойынша 2020 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота (ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санынан)

| № | Ұйымның атауы | Жұмыскерлердің тізімдік саны | Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан | Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны |
|---|---|------------------------------|--|--|
| 1 | "Қызылорда тазалығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 250 | 3 | 8 |
| 2 | "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу | 63 | | 2 |

| | | | | |
|---|---|-----|---|---|
| | құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | | 2 | |
| 3 | Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қызылорда су жүйесі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 109 | 3 | 4 |
| 4 | Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Табиғат" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 100 | 2 | 2 |
| 5 | "Пәтер иелерінің "Шапағат кооперативі" тұтыну кооперативі | 98 | 2 | 2 |
| 6 | "Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы | 233 | 3 | 7 |
| 7 | "Қызылорда облысының білім басқармасының Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 50 | 2 | 1 |
| | "Қызылорда облысының денсаулық сақтау | | | |

| | | | | |
|---|---|------|---|---|
| 8 | басқармасының Облыстық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | " 50 | 2 | 1 |
|---|---|------|---|---|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ